



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

1993-2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ





МАЗМҰНЫ

4

Қазақстан
Республикасы
Президентінің
құттықтау сөзі

10

30 жыл:
кемелдену жолы

34

Біздің
серіктестер

20

ҚСЗИ сандармен

6

ҚСЗИ
Директорының
құттықтау сөзі

24

ҚСЗИ бүгіні

36

ҚСЗИ
басылымдары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



*Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті*

ҚҰРМЕТТІ ИНСТИТУТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының құрылғанына 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Институт негізі қаланған күннен бастап стратегиялық құжаттар әзірлеумен айналысып, еліміздің тұрақты дамуына зор үлес қосып келеді. Осы жылдар ішінде бұл мекеме пәрменді «ақыл-ой орталығына», сондай-ақ талдау, саяси консалтинг және мемлекеттік басқару саласы үшін кадрлар ұстаханасына айналды.

Бүгінде қоғамдық пікірталастың тақырыптарын айқындап, сарапшылар қауымына ұйытқы болып отырған институт қолданбалы зерттеулер нарығында алдыңғы шепте тұр. Бұл құрылым еліміздегі және шетелдердегі негізгі үдерістерді жан-жақты зерделеп-бағамдау арқылы Қазақстанның идеологиялық дербестігін нығайтуға және қоғамда сыни ойлау мәдениетін орнықтыруға ықпал етуде. Сонымен қатар сараптамалық дипломатияны дәріптеп, халықаралық сенім мен келісімді орнықтыруға атсалысуда.

Елімізде қолға алынған ауқымды реформалар табысты жүзеге асырылу үшін сапалы сараптама мен терең талдау өте қажет. Сондықтан баршаға және әркімге тең мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісінде осы мекеме маңызды рөл атқарады.

Ел игілігін еселеу жолында ұзақ жыл бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан институт ұжымы мен ардагерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

ҚСЗИ ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



*Еркін Тұқымов,
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институтының директоры*

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының 30 жылдығына арналған осы айтулы басылымды назарларыңызға ұсыну – мен үшін үлкен мәртебе.

Отыз жылдық тарих бедерінде ҚСЗИ-дың алған асуы мен бағындырған белесі аз емес. Осынау уақыт аралығында институтымыз Қазақстанның жетекші талдау орталығына айналды. Ел басшылығының стратегиялық шешім қалыптастыруында маңызды рөл атқарып келді. Біреу үшін 30 жыл қас қағым сәт болғанымен, орда бұзар жасқа толған ҚСЗИ үшін – бұл үлкен белес, асқаралы асу.

Біз ел алдында тұрған жаһандық сын-қатерлер мен тың мүмкіндіктерге терең талдау жасап, жаңа шешімдер ұсынамыз. Аналитика мен зерттеулер әзірлеуде көшбасшылыққа ұмтыламыз.

Институтымыз бірегей тәжірибе мен аналитикалық сараптаманың жоғары деңгейінің арқасында өзгелерден оза шауып, әлемдік қауымдастықта дараланды. Жаһанның үздік талдау орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, тәжірибе мен идея алмасу платформасына айналды.

Қоғамға өзіндік үн қатып, оның дамуы мен нығаюына сүбелі үлес қосып келе жатқан жас әрі талантты зерттеушілеріміздің саны артып жатқаны бізді ерекше қуантады. Жастардың амбициялары мен білімге деген ұмтылысы ҚСЗИ миссиясының маңызы мен болашағына сенім ұялатады. Сондықтан республика бойынша өкілдіктер санын көбейтіп, аймақтық зерттеулерді дамытуды мақсат қойып отырмыз.

Дәл қазіргі уақытта талдау орталығымыз институт құрылымын жетілдіру арқылы өсіп дамуда. Заман көз ілеспес жылдамдықпен өзгерген сайын сын-қатерлер қиындап бара жатыр. Ал стратегиялық алғырлық пен зияткерлік күштің маңызы артып отыр. Сол себепті біз заман талабына сай еліміздің адами капиталына зерттеу жүргізіп, оны дамыту бойынша жұмысты жалғастырамыз.

ҚСЗИ – жай ғана ұйым емес, бұл арман-мақсаттары бір арнаға тоғысқан үлкен шаңырақ. Біз еліміздің дамуына бағытталған жұмысымызда білім мен ғылым күшіне және объективтілік қағидатына сенеміз.

ҚСЗИ

Идеялар, мазмұндар, сондай-ақ ішкі және сыртқы саяси тұжырымдамалар шығарады

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар мен көпшілік алдында сөйлеу арқылы мемлекеттік саясат мәселелері бойынша қоғамдық пікір қалыптастырады

Өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелерді талқылау үшін ауқымды форумдар ұйымдастырады



Мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін сарапшыларды тәрбиелеп шығарады

Халықаралық серіктестер желісі бар, «ақыл-ой» орталықтарының әлемдік топ көшбасшылар қатарына кіреді

ҚСЗИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Сыртқы саясат,
экономика және
мемлекеттік саясат
саласындағы ең
жарқын зиялылар
тобы

Ел мүддесі
үшін қызмет –
философиямыздың негізі

Жоғары сапалы
талдамалық
өнімдер


Сарапшылар
үшін маңызды
гравитация
орталығы болу

Қазақстандық аналитиканың
бренді болып қалу



30 ЖЫЛ: КЕМЕЛДЕНУ ЖОЛЫ

ҚСЗИ қызметі толығымен тәуелсіз
Қазақстанның қалыптасу тарихымен
тығыз байланысты





○ **1993 жылғы 16 маусымда** Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын құру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің №1235 Жарлығына қол қойылды.

ҚСЗИ тәуелсіз Қазақстанның алғашқы талдау орталығы – КИМЭП стратегиялық зерттеулер орталығының базасында құрылды және 15 қызметкері бар жас институттан еліміздің бас талдау орталығына дейінгі жолды өткерді.

○ **1993 ж. 24-26 маусымда** «Қазақстан Республикасының Конституциясы және этникалық азшылықтардың құқықтары» ҚСЗИ бірінші халықаралық конференциясы өтті.

○ **1993 жылғы 1 қазанда** ҚР Президентінің қаулысымен ҚСЗИ туралы ереже бекітілді.

Осы кезеңде ҚСЗИ сыртқы Экономикалық қызмет негіздері туралы заң жобаларын (1993 ж.), Сыртқы саясат тұжырымдамасын (1996 ж.), Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының дамуының іргелі құжаттарын әзірлеуге қатысты.

ҚСЗИ даму процесінде біртіндеп тәжірибе жинады, оның беделі артты, жоғары кәсіби сарапшылардың негізі қаланып, күні бүгінге дейін өзектілігін сақтап келе жатқан негізгі құрылым қалыптасты.



ҚСЗИ алаңдарында танымал әлемдік сарапшылар мен саясаткерлер – америкалық талдаушы Збигнев Бжезинский (1993), АҚШ-тың бұрынғы Мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер (1996) сөз сөйледі. Екі кездесу де Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен өтті.



○ Сыртқы саяси күн тәртібінде ҚСЗИ-дың өзіндік «визит карточкасы» болған, ядролық қаруды таратпау мәселелері және Қазақстанның СШҚ-1 шартына қатысуы тақырыбы басымдық етті. Қазақстанның сол кезде қалыптасқан сыртқы саясатының негізгі басымдықтары қазір де белсенді жалғасып келеді.



1997 жылы «Қазақстан-Спектр» журналы жарық көрді, ол «Қазақстан және әлемдік қоғамдастық» журналының жалғасы болды (1994 жылдан бастап шығарылған).

1993

1997

ҚСЗИ-дың зерттеу жұмыстары ішкі саясат, әлеуметтік-экономикалық даму, сыртқы саясат, халықаралық қатынастар және қауіпсіздік сияқты бағыттарды қамтиды.

Сыртқы саяси зерттеулерде каспий мұнайы, әлемдік державалардың мүдделері, Орталық Азиядағы интеграциялық жобалар мәселелері бойынша тақырыптар басым. 2001 жылдан бастап терроризмге қарсы күрес және аймақтық қауіпсіздік тақырыбы өзекті бола түсті. ҚСЗИ аналитикалық материалдар дайындайды, кітаптар шығарады, Ауғанстандағы жағдай, діни экстремизм, Қазақстан мен Орталық Азиядағы исламның рөлі бойынша конференциялар өткізеді.



*«Қазақстан мен Орталық Азиядағы қауіпсіздік факторлары: сыртқы және ішкі сын-тегеуріндер мен қауіптер» халықаралық дөңгелек үстелі,
2001 ж. 9 маусым*

Осы кезеңде ішкі саясаттағы зерттеудің басым бағыттары Қазақстандағы демократиялық реформалардың, әлеуметтік және экономикалық реформалардың перспективаларын талдау; ел экономикасындағы шетелдік капиталдың көлемі мен тиімділігін бағалау; экономикалық реформалардың стратегиясын әзірлеу және әлеуметтік-экономикалық реформалардың үрдістерін бағалау болды.


1998

2002

Осы кезеңде Институт елдің аналитикалық қоғамдастығының драйвері ретінде қалыптасуын жалғастырды. Институт Қазақстанның негізгі сыртқы саяси әріптестерінің жетекші талдау орталықтарымен диалогтың алғашқы ортақ форматтарын бірлесіп ұйымдастырды. Алғашқы Қазақстан-Ресей, Қазақстан-Қытай, Қазақстан-Үндістан, Қазақстан-Польша дөңгелек үстелдері мен сараптамалық диалогтар өткізіп, жетекші талдау орталықтарымен келісімдерге қол қойды.

2003 жылғы 17 маусымда ҚСЗИ 10 жылдығына орай Қауіпсіздік және өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөніндегі бірінші жыл сайынғы Алматы конференциясы өтті. Ол институттың алдағы 15 жылға арналған флагмандық конференциясына айналды.

Сонымен қатар, Институт ҚР Президентінің қызметін, сондай-ақ елдің негізгі стратегиялық құжаттарын ақпараттық қолдауға көбірек қатыса бастайды, 2006-2010 жылдарға арналған ҚР Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы жобасын әзірлегендердің бірі болды.



2003 жылдағы мерейтой қарсаңында «Central Asia's Affairs» тоқсан сайынғы журналының бірінші нөмірі ағылшын тілінде жарық көрді. 2004 жылдан бастап «Қоғам және Дәуір» қазақ тіліндегі басылым шығарыла бастады.

ҚСЗИ 2007 жылғы конституциялық реформаның нәтижелерімен байланысты парламентаризмнің дамуына баса назар аударып, ішкі саяси зерттеулерге белсенді үлес қосты. ҚСЗИ 2007 жылғы парламенттік сайлауды жариялауға белсенді қатысып, ҚСЗИ базасында саяси партиялар, сарапшылар қауымдастығы мен журналистер арасындағы диалог үшін «пікірталас алаңын» құруға бастамашылық етті.

2003

2007

ҚСЗИ-дың сыртқы ынтымақтастығын дамыту шеңберінде Батыс, Азия елдері мен ТМД елдерінің сараптамалық қауымдастықтарымен кездесулер өткізілді.

Азия және еуропалық қауіпсіздік мәселелері, оның ішінде Қазақстанның ШЫҰ, АӨСШҚ, ЕҚЫҰ, ИЫҰ және т.б. халықаралық ұйымдарға қатысуы әрқашан ҚСЗИ-дың талдамалық әзірлемелері мен өткізілетін іс-шараларының басым тақырыптары болды.

Қазақстанның 2009 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалығы қарсаңында ҚСЗИ халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік сарапшылар арасында тәжірибе алмасуға арналған іс-шараларды ұйымдастырушылардың бірі болды, «2010: Қазақстан Республикасы – ЕҚЫҰ төрағасы» жобасын жүзеге асырды.



«Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалығы: алдын ала қорытындылар мен перспективалар» VIII жыл сайынғы Алматы конференциясы, Алматы қ., ҚСЗИ, 2010 жылғы 28 мамыр

2011 жылы «Араб көктемі» халықаралық күн тәртібі өзекті тақырыпқа айналды, ҚСЗИ оны талқылау мен талдауға белсенді қатысты, араб дағдарысының себептері мен салдарын түсіну мақсатында сараптамалық алаңдар құрды.

2011 жылы ҚСЗИ базасында Қазақстан-Ресей сараптамалық кеңесі құрылды.

Қоғамдық даму мәселелері мен этносаралық қатынастардың жай-күйі ҚСЗИ зерттеулерінің негізгі бағыттарының бірі болды. 2009 жылы ҚСЗИ Қазақстанның Ұлттық бірлігі доктринасын әзірлеу жөніндегі арнайы жұмыс комиссиясының отырыстарын өткізу алаңына айналды. 2010-2011 жылдары ҚСЗИ әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелерінің таныстырылымын өткізді.

2008

2012

Институт тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі Қазақстан Республикасы Президентінің **2014 жылғы 11 сәуірде** «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын Астана қаласына көшіру туралы» №793 Жарлығын қабылдауы болды.



2014-2017 жылдар кезеңінде шетелдегі (ҚХР, Ұлыбритания, Ауғанстан, Өзбекстан) белгілі аналитикалық орталықтары өкілдерімен сараптамалық кездесулер, сондай-ақ ҚСЗИ-дың қауіпсіздік жөніндегі жазғы мектебі шеңберінде жас сарапшыларға арналған курстар өткізілді.

2015 жылы «Орталық Азия-2020: Төрт стратегиялық тұжырымдама» атаулы аналитикалық баяндама жарық көрді.

2017 жылы «2017 жылы Орталық Азиядағы ең маңызды он оқиғаға шолу» таныстырылды.

2016 жылдың қорытындысы бойынша ҚСЗИ Пенсильвания Университетінің «Аналитикалық орталықтар және азаматтық қоғам» зерттеу бағдарламасының рейтингіне сәйкес 150 әлемдік «ақыл-ой орталықтарының» топ тізіміне енуі институт үшін маңызды оқиға болды. Бұл институттың ғылыми зерттеу қызметіндегі үлкен жетістіктерін мойындау дегенмен тең.

2016 жылы Бес институционалдық реформаны, сондай-ақ қазақстандық бірегейлік пен бірлікті іске асыру шеңберіндегі шараларды ақпараттық қамтамасыз етуге қатысты.

2017 жылы ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнайы үндеуінде айтылған билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша конституциялық реформа жобасын сараптамалық талқылауға қатысты.

ҚСЗИ «ЭКСПО-2017: Қазақстанның жаңғыру серпіні» атаулы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді, Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту туралы бағдарламалық мақаласын талқылауға қатысты.

2013.....2017

2018 жылғы 15 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының 25 жылдығына орай «Жаңғыртудың ұлттық стратегиялары: жетістіктері мен болашағы» атаулы халықаралық конференция өтті.

2019 жылдан бастап ҚСЗИ «Қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасы. Қоғамдық-саяси жағдай» (2019-2020 жж.), «Халық үніне құлақ асатын мемлекет: қазақстандықтардың қоғамдық-саяси көңіл күйі мен әлеуметтік көңіл күйі» (2021-2023 жж.) тақырыптарына кешенді әлеуметтанулық зерттеулер өткізеді. Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері бойынша аналитикалық баяндамалар дайындалды.



2018.....2023



2019 жылы ҚСЗИ «Орталық Азиядағы су-энергетикалық мәселелер бойынша диалог: ұлттық арқылы жалпыөңірлік» тақырыбында БҰҰ Орталық Азия үшін алдын алу дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығы және Орталық Азиядағы Фридрих Эберт атындағы қормен бірлесіп Екінші Орталық Азия сараптамалық форумын өткізді.

2019-2023 жылдары ҚСЗИ Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформаларды, Мемлекет басшысының барлық бастамалары мен қызметін ақпараттық-сараптамалық әлеуметтанулық сүйемелдеуге белсенді қатысуын жалғастырып келеді.

ҚСЗИ негізгі өңірлік әріптестермен диалог форматтарын бастай отырып, әлемнің жетекші талдау орталықтарымен халықаралық ынтымақтастықты күшейтті.

2022 жылғы 20 сәуірде ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты туралы жаңа ереже бекітілді. Ереженің жаңа редакциясын қабылдауға ҚСЗИ-дың қызметін одан әрі жетілдіру және сараптамалық зерттеу

және ақпараттық-талдау жұмыстарының сапасын арттыру қажеттілігі негіз болды.

2022 жылдан бастап ҚСЗИ негізгі өңірлік әріптестермен институционалдық форматтарға бастамашылық етіп келеді.

Орталық Азия елдері президенттерінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер институттары директорларының кездесуі

«Жаңа геосаяси жағдайдағы Орталық Азия ынтымақтастығы: сын-қатерлері мен келешегі» халықаралық конференциясы, 2022 ж. 30 маусым



2018.....2023



«Орталық Азия – 2030: болашақтың келбеті»
2023 ж. 20 қаңтар

2023 жылғы 13-14 шілдеде ҚСЗИ дипломатия, мемлекеттік басқару, экономика, мәдениет және бизнес тоғысында жаңа идеяларды тудыратын тұрақты пікірталас алаңы болуға арналған, Институттың жаңа флагмандық бастамасы – Central Asian Security and Cooperation Forum өткізеді.

2022 жылы ҚСЗИ жас сарапшыларды қолдау бағдарламасына бастамашы болды, оның шеңберінде қазақстандық талдаушылардың жаңа буыны өзінің кәсіби құзыреттері мен дағдыларын күшейтуге, сондай-ақ сапалы талдамалық материалдар дайындауға мүмкіндік алады.



2018.....2023



5313

аналитикалық
және ақпараттық
материал

664

ҒЫЛЫМИ
іс-шара

ҚСЗИ САНДАРМЕН (1993-2023 жж.)

3384

ҒЫЛЫМИ
мақала

2819

ҒЫЛЫМИ
іс-шараларда
сөз сөйлеу

қазақстандық

2107

шетелдік

712

қазақстандық
басылымдарда

2630


754

шетелдік
басылымдарда

6164

БАҚ-тағы жарияланымдар,
оның ішінде баспа, теледидар
және радио, электрондық БАҚ

РЕЙТИНГ



2016 жылғы Аналитикалық орталықтардың дүниежүзілік индекс-рейтингі қорытындысы бойынша ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты алғаш рет 6 мың талдау институттары мен орталықтары арасында әлемдегі **ең үздік 150 «ақыл-ой орталықтары»** қатарына енді. Бұрын Институт жаһандық рейтингке тек жекелеген санаттар мен бағыттар шеңберінде ғана кірген болатын.

GLOBAL GO TO THINK TANK INDEX REPORT

2016 жыл

147

позиция
әлем бойынша, АҚШ есебінсіз

2017 жыл


140

позиция

2018 жыл

142

позиция



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА

2015-2018 жж.

2-орын

2019 ж.

1-орын

ҚСЗИ «2020 жылғы үздік саясат және Covid-19-ға институционалдық жауап» жаңа номинациясында Қазақстан мен Орталық Азия елдерінен жалғыз құрылым болды

ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДА

2016 жыл

әлемде **95**-орын

2017 жыл

әлемде **91**-орын

2020 жыл

әлемде **97**-орын

ҚСЗИ БҮГІНІ



2023 жылы
ҚСЗИ Қазақстанның стратегиялық
даму міндеттеріне сәйкес құрылымдық
трансформациядан өтті.

ҚСЗИ КАДРЛАР ҚҰРАМЫ

ҚСЗИ қызметкерлер саны

66

қызметкерлердің
орташа жасы

40 жас

4

ғылым докторы

7

ғылым кандидаты

8

Ph.D

30

магистр

30 ерлер

43 адам

басшылық және ғылыми бөлімдердің
қызметкерлері

33 әйелдер

20 адам

көмекші қосалқы бөлімдердің
қызметкерлері

ҚСЗИ ҚҰРЫЛЫМЫ



3

ОРТАЛЫҚ

8

АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР
ОРТАЛЫҒЫ**

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР
ОРТАЛЫҒЫ**

Стратегиялық
талдау бөлімі

Азиялық
зерттеулер бөлімі

Экономикалық
саясатты талдау
бөлімі


Қоғамдық пікірді
зерттеу бөлімі

Еуропалық және
америкалық
зерттеулер бөлімі

Жаһандық
экономика және
тұрақты даму бөлімі

Электоралды
үдерістерді зерттеу
бөлімі

Халықаралық
қауіпсіздік бөлімі



ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ БӨЛІМІ

мемлекеттік саясат және мемлекеттік басқару мәселелерін зерттейді

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ

мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін халықтың мұқтажы мен қажеттіліктерін зерттейді

ЭЛЕКТОРАЛДЫ ҮДЕРІСТЕРДІ ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ

азаматтардың электоралдық көңіл күйі мен таңдауын зерттейді



ішкі саяси процестердің ықтимал тәуекелдері мен сын-қатерлерін анықтайды	мемлекеттік басқаруды түзету және жетілдіру үшін ұсынымдар мен шешімдер жобаларын құрады	стратегиялық талдау әдіснамасына, әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелеріне, сондай-ақ ашық деректерді талдауға сүйенеді
өңірлік және ұлттық деңгейдегі даму трендтері мен үрдістерін анықтайды	әлеуметтік өзгерістерді анықтайды және болжайды	билік пен азаматтар арасындағы байланысты жақсарту үшін практикалық ұсыныстар жасайды
әлемнің түрлі елдерінде сайлау технологияларын салыстырмалы зерттеуді жүзеге асырады	партиялық-саяси кеңістік саласында зерттеулер жүргізеді	сайлау заңнамасы саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысады

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ



АЗИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БӨЛІМІ

Азия бағытында ҚР сыртқы саясат мәселелері бойынша талдау жүргізеді және болжамдар қалыптастырады

ЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ АМЕРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БӨЛІМІ

Еуропа елдеріне, АҚШ-қа және Еуропа кеңістігінің шығыс бөлігіне қатысты ҚР сыртқы саясаты мәселелері бойынша талдау жүргізеді және болжамдар қалыптастырады

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК БӨЛІМІ

Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қауіпсіздігінің негізгі тәуекелдері мен сын-қатерлерін анықтайды

<p>Азия бағытында ҚР сыртқы саясат мәселелері бойынша тұжырымдамалық негіздер мен тәжірибелік ұсынымдар әзірлейді</p>	<p>Қазақстан Республикасының Азия бағытында сыртқы саясат мәселелері бойынша қолданбалы сипаттағы сараптамалық-талдамалық зерттеулер дайындайды</p>	<p>халықаралық жүйедегі үрдістерге, мемлекеттердің даму бағыттарына, сондай-ақ Азия континентіндегі қазіргі халықаралық жағдайға тұрақты талдау жүргізеді</p>
<p>зерттелетін аймақ елдеріне қатысты Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және Ұлттық қауіпсіздігі мәселелері бойынша тұжырымдамалық негіздер мен тәжірибелік ұсынымдар әзірлейді</p>	<p>Қазақстан Республикасының Еуропа елдеріне, АҚШ-қа және Еуропа кеңістігінің шығыс бөлігіне қатысты сыртқы саясаты мәселелері бойынша қолданбалы сипаттағы сараптамалық-талдамалық зерттеулер дайындайды</p>	<p>еуропалық кеңістік пен АҚШ мемлекеттерінің даму үрдістеріне, сондай-ақ қазіргі халықаралық жағдайға тұрақты талдау жүргізеді</p>
<p>ел қауіпсіздігіне төнетін қауіптер мен сын-қатерлерді бейтараптандыру бойынша ұсыныстар әзірлейді</p>	<p>халықаралық қауіпсіздік саласында зерттеулер жүргізеді</p>	<p>ел басшылығын қазіргі сын-тегеуріндер мен қауіпсіздікке қатысты өзекті ақпаратпен және негізделген ұсынымдармен қамтамасыз етеді</p>

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ОРТАЛЫҒЫ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТТЫ ТАЛДАУ БӨЛІМІ

азаматтардың сұраныстарына жауап беретін, сыртқы және ішкі сын-тегеуріндерге төтеп беретін экономикалық даму стратегиясын құрады

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БӨЛІМІ

әлемдік экономикадағы процестерге және Қазақстанда тұрақты қоғам құру тәсілдеріне зерттеулер жүргізеді



Қазақстанның қысқа және ұзақ мерзімді кезеңдегі экономикалық проблемаларын зерттейді және талдайды

Қазақстан экономикасының өсуі және елдің дамуы үшін жаңа көздерді іздеу мәселелерін шешуге балама тәсілдер ұсынады

халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту үшін экономиканың өзгеруіне талдау жасайды

өзгермелі сыртқы орта жағдайында экономикалық саясаттың тиімділігін арттыру мәселелерін зерттейді

қазіргі сын-қатерлерге жауап беретін мемлекеттік саясатты жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлейді

халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі үрдістерге және жаһандық, өңірлік экономикалық өсу полюстерінің даму бағыттарына тұрақты талдау жүргізеді

БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТЕР

Өзбекстан Республикасы Президентінің жанындағы Стратегиялық және аймақаралық зерттеулер институты



Орталық Азия халықаралық институты



Кыргызстан Республикасының Ұлттық стратегиялық зерттеулер орталығы



CANADA



UNITED STATES OF AMERICA

Тәжікстан Республикасы Президентінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер орталығы



Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институты



Ресей Ғылым Академиясының Шығыстану институты



Әзербайжан халықаралық қатынастарды талдау орталығы



Қытай қазіргі заманғы халықаралық қатынастар академиясы



Беларусь стратегиялық зерттеулер институты



Фридрих-Эберт қоры



«Диалог цивилизаций» зерттеу институты



Корвинус Университетінің Орталық Азияны зерттеу орталығы



Корольдік қорғаныс зерттеу институты



Ресей стратегиялық зерттеулер институты



Шанхай халықаралық зерттеулер институты



1083

ҚСЗИ-да шетелдік елшіліктердің, халықаралық ұйымдардың, шетелдік ғылыми-зерттеу және талдау орталықтарының өкілдерімен жұмыс кездесулері

65

Қазақстандық және шетелдік ғылыми-зерттеу құрылымдарымен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумдар



Иран Ислам Республикасының Саяси және халықаралық зерттеулер институты



Институт международных исследований
Institute for Political and International Studies

Шанхай ынтымақтастық ұйымы

Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесі



Халықаралық көші-қон ұйымының Қазақстандағы өкілдігі



БҰҰ Орталық Азия үшін превентивті дипломатия жөніндегі аймақтық орталығы



«Валдай» халықаралық пікірталас клубы



Пәкістан жаһандық және стратегиялық зерттеулер орталығы



Қытай Қоғамдық ғылымдар Академиясы



ҚСЗИ БАСЫЛЫМДАРЫ



98

«Қазақстан-Спектр»
ғылыми журналының
шығарылымы
(1994-2022)

76

«Central Asia's
Affairs» журналының
ағылшын тіліндегі
шығарылымы
(2003-2022)

72

«Қоғам және
Дәуір» ғылыми-
аналитикалық
журналының
шығарылымы
(2004-2022)

52

«Analytic» ғылыми-
аналитикалық
журналдың
шығарылымы
(1999-2012)

376

кітап және анықтамалық басылымдар

230

жеке және ұжымдық монография



